



**«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық
сараптама орталығы» АҚ Басқармасы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ Басқармасы туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – КБК) сәйкес әзірленген және Басқарманың, оның мүшелерінің мәртебесін, жауапкершілігін, сондай-ақ Қоғам Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) қызметі мен шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Басқарма – алқалы атқарушы орган, Қоғамның атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан мәміле жасау туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды.

3. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін, осы Ережені және КБК-ны басшылыққа алады.

5. Басқарма қызметі кәсібилік, объективтілік, тиімділік, адалдық, шынайылық, жауапкершілік және ашықтық қағидаттарына негізделеді.

6. Басқарма жалғыз акционердің тапсырмаларын, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, жалғыз акционерге есеп береді және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін оның алдында жауап береді.

7. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді Директорлар кеңесінің қарауына шығарар алдында қарайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің қарауына Директорлар кеңесі мүшелерінің,

Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның, Қоғамның жалғыз акционерінің бастамасы бойынша мәселелер, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің, омбудсменнің есептері шығарылмайды.

2. Басқарма құрамы, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібі

8. Басқарма кемінде 3 (үш) мүшеден - Басқарма төрағасынан және Қоғамның Директорлар кеңесі сайлаған басқа адамдардан тұрады.

Қоғамның алқалы атқарушы органындағы әйелдердің ұсынылатын саны алқалы атқарушы орган мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды. Бұл ретте атқарушы органның құрамын қалыптастырудың негізгі критерийі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген атқарушы орган мүшелерінің білімі мен құзыреті болып табылады.

9. Басқарма мүшелері Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары болып табылады, сондай-ақ Қоғамның қаржы блогының қызметкерлері (қаржылық тұрақтылықты және қоғамның бюджеті мен қаржылық жоспарларын орындауда қабылданатын басқарушылық шешімдердің негізділігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты) болуы мүмкін, ал Корпоративтік хатшы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері лауазымдарын атқаратын қызметкерлер Басқарма мүшелері бола алмайды.

10. Басқарма мүшелігіне кандидаттар өз міндеттерін орындау үшін қажет тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктерге ие болуға тиіс.

11. Басқарушылық (өкімдік) қызметпен айналысуға тыйым салуды және/немесе материалдық жауапкершілікке байланысты басшы лауазымдарды атқаруға тыйым салуды белгілей отырып, қандай да бір қылмыстар үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар Басқарма мүшелері болып сайлана алмайды.

12. Басқарма мүшелерін Басқарма құрамына сайлау тәртібі осы Ереженің №1 Қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Басқарма құрамына сайлау үшін кандидатуралар Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізіледі. Басқарма мүшесін лауазымға сайлау Директорлар кеңесінің тиісті шешімі қабылданған сәттен бастап өтті деп есептеледі.

Басқарма мүшелерін сайлау Жалғыз акционермен міндетті түрде келісіле отырып жүзеге асырылады.

Басқарма төрағасының Орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты Жалғыз акционерге келісуге жіберу кандидатты Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті қарағаннан және мақұлдағаннан кейін жүзеге асырылады.

14. Басқарманы Директорлар кеңесі 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге

сайлайды. Басқарма құрамына сайланған адамдар, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бірнеше рет жаңа мерзімге сайлана алады.

15. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Басқарманың кез келген немесе барлық мүшелерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

3. Басқарма мүшелерінің сыйақысы және еңбек жағдайлары

16. Басқарма мүшелерінің еңбекақысын төлеу және сыйақы беру (марапаттау) шарттарын, сондай-ақ лауазымдық айлықақыларының мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

17. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шарттарымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

18. Басқарма төрағасының атқарушы органның басшысы не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

19. Басқарма мүшелері мұндай қызмет Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарын бұзбаған жағдайда, педагогикалық немесе өзге де шығармашылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне қатысуды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен ғана басқа ұйымдарда еңбек қызметін жүзеге асыруға құқылы.

4. Басқарманың құзыреті мен міндеттері

20. Басқарманың құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарда айқындалады.

21. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекітеді;

2) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

3) күнтізбелік жылдың басына дейінгі мәселелер тізбесімен алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады;

4) Қоғамның негізгі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

5) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

22. Басқарма заңнамада және Қоғамның жарғысында көзделген міндеттерден басқа, қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы ақпарат береді.

23. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде не оның лауазымды адамдарының бағалауы бойынша жарғылық капитал мөлшерінің 10%-дан астамы мөлшерінде залалдар анықталды, Басқарма бұл туралы баяндаманы Директорлар кеңесіне дереу ұсынуға міндетті.

24. Қоғамның төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі анықталған жағдайда, Басқарма Директорлар кеңесін кейіннен міндетті түрде хабардар еткен кезде Қоғамның ағымдағы қызметін қамтамасыз ету және мүліктік мүдделерін сақтау үшін қажетті шешімдер қабылдауға құқылы. Бұл ретте Басқарма Директорлар кеңесіне Қоғамдағы істердің ағымдағы жағдайы, ұйымдағы істердің жай-күйі туралы есеп беруге міндетті. Директорлар кеңесі кез келген уақытта басқармадан қосымша ақпарат пен есептерді талап етуге құқылы.

25. Басқарма мүшелері міндетті:

1) жұмысқа түскен кезде құпия мәліметтерді, оның ішінде қызметтік ақпаратты, Қоғамның заңмен қорғалатын коммерциялық және өзге де ақпаратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік құпияларды жария етпеу туралы Міндеттемеге қол қоюға міндетті. Бұл Міндеттеме Басқарма мүшесінің Қоғаммен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде қолданылады;

2) өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына, әдеп стандарттарына және жалпы қабылданған іскерлік әдеп нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) жанжалдарды болдырмай, өзінің кәсіби функцияларын Қоғам мен жалғыз акционердің мүддесі үшін адал және ақылға салып орындауға;

4) Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, өз құқықтарын жүзеге асыруға және оларға жүктелген міндеттерді адал атқаруға;

5) Қоғамның мүлкін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін бұзуға пайдаланбау және пайдалануға жол бермеуге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылауға, оларға сеніп тапсырылатын немесе жұмыс процесінде белгілі болатын коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын оларға белгілі кез келген мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

26. Басқарма мүшелері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде құқығы жоқ:

1) Басқарманың шешім қабылдауына әсер еткені үшін жанама немесе тікелей сыйақы алуға;

2) өзіне де, басқа адамдарға да қатысты мүдделер қақтығысы туындауы

мүмкін жағдайларға жол беруге.

5. Басқарма мүшесіне қойылатын біліктілік талаптары

27. Басқарма мүшелігіне үміткерлердің кәсіби тәжірибесі, білімі және іскерлік беделі, Басқарма жұмысына үлес қосу қабілеті және ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеуге деген ұмтылысы болуы керек.

28. Басқарма мүшелігіне кандидат бола алмайды:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағандар;
- 3) меншікке, экономикалық қызмет саласына немесе коммерциялық немесе басқа ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған тұлғаларға; сондай-ақ ауыр және аса ауыр қылмыстарға қатысты.

29. Кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және бейіні экономикалық қызмет түріне сәйкес келетін ұйымда басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі — кемінде 5 жыл, ал ғылыми дәрежесі бар болса — ұйымның тиісті бейіні бойынша басшы лауазымдарда мамандығы бойынша кемінде 3 жыл. «Іскери әкімшілік магистрі (МВА)» дәрежесі немесе менеджмент саласында қосымша білімі болғаны жөн.

6. Басқарма мүшесінің мәміле жасаудағы мүдделілігі

30. Егер Басқарма мүшесі Қоғам мәміле жасаушы тарап болған немесе болуға ниеттенген мәміледе жеке қаржылық мүдделілікке ие болса, сондай-ақ бар немесе болжанып отырған мәміледе басқа да мүдделер қақтығысы жағдайлары туындаса, ол өз мүдделілігі туралы дереу хабарлауға міндетті.

32. Басқарма мүшесі Қоғам тарапынан жасалатын мәміледе мүдделі деп есептеледі, егер ол:

- 1) мәміленің тарабы болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;
- 2) мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғасы болса.

33. Басқарма мүшесі Басқарма төрағасына және/немесе Директорлар кеңесіне мына ақпаратты жеткізуге міндетті:

- 1) ол мәміленің тарабы болып табылатыны не оған Қоғам тарап болып табылатын немесе болуға ниеттенетін өкіл немесе делдал ретінде қатысатыны туралы;
- 2) өзі аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде өзі дербес немесе өзінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызын иеленетін

занды тұлғалар туралы және органдарында лауазымдарды атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өзі мүдделі тұлға деп танылуы мүмкін Қоғамның өзіне белгілі жасалатын немесе жасалуы болжанатын мәмілелері туралы.

34. Өзінің мүдделілігі туралы көрсетілген түрде хабарлаған Басқарма мүшесі осы мәмілеге қатысты мәселелер бойынша талқылауға да, дауыс беруге де қатыса алмайды.

35. Қызметтік міндеттерін бұзғаны шынайы түрде анықталған Басқарма мүшесі өз әрекеттері нәтижесінде келтірілген залалдың жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің ол адал орындаған шешімдерінен туындағанын дәлелдейтін айғақтарды ұсынуға құқылы.

7. Басқарма төрағасы

36. Басқарма төрағасының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.

37. Басқарма төрағасы заңнамада және Қоғам жарғысында көзделген функциялардан бөлек:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның қызметкерлерімен және Қоғамның Ішкі аудит қызметімен, Корпоративтік хатшымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицермен, Басқарма мүшелерімен Қоғамның атынан Еңбек және басқа да шарттар жасасады, өзгертеді және бұзады;

2) шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ корпоративтік жанжалдарды реттеу жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін айқындайды;

3) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес лауазымдық айлықақылардың және айлықақыларға қосымша ақылардың мөлшерін белгілейді, олардың сыйақыларының мөлшерін айқындайды;

4) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады. Басқарма төрағасының бұйрықтарын дайындау, келісу және қабылдау тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі;

5) демалыс мерзімдерін және Басқарма мүшелерінің тиісті өзара алмасуын үйлестіреді. Бұл ереже басқа себептер бойынша Басқарма мүшесі болмаған жағдайда да қолданылады;

6) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) Басқарма хатшысының функцияларын Қоғам қызметкерлерінің біріне жүктейді;

9) Қоғамның филиалы мен өкілдіктерінің басшысын тағайындайды және лауазымдардан босатады;

10) Қоғамның даму Стратегиясын, даму Жоспарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаларға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес олардың іске асырылуы (орындалуы) туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді.

8. Басқарма жұмысының тәртібі

38. Басқарма отырыстары тұрақты негізде, айына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі.

Басқарма өз қызметін шешімдер қабылдау арқылы мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

1) Басқарма мүшелерінің отырыста (күндізгі отырыста) дауыс беруімен;

2) Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі (сауалнама жолымен) арқылы.

Сырттай дауыс беру кідіртпей шешім қабылдауды және/немесе талқылауды қажет етпейтін мәселелер бойынша жүргізіледі, бұл ретте сырттай дауыс берулердің саны барынша азайтылуға тиіс.

Басқарма отырыстарын өткізуге арналған Кворум сайланған Басқарма мүшелері санының кемінде 50%-ын құрайды.

Басқарманың әр мүшесінің бір дауысы болады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

Басқарма шешімдері оның отырысына қатысатын немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Басқарма мүшелері санының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған отырысқа қатысып отырған барлық басқарма мүшелері мен Басқарма хатшысы қол қоюға тиіс. Хаттамада дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілуі керек.

Хаттаманы Басқарма хатшысы жүргізеді.

39. Отырыстардың мерзімдерін айқындау, оны шақыру және күн тәртібі, отырысты өткізу тәсілі, оған төрағалық ету, сондай-ақ дауыс беру тәсілін айқындау Басқарма төрағасының немесе ол болмаған жағдайда Басқарма төрағасының міндетін атқарушы адамның құзыреті болып табылады.

40. Басқарманың кез келген мүшесінің талабы бойынша және отырысқа қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілігінің келісімімен Басқарма отырысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі мүмкін.

41. Отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдар

Басқарма төрағасына және Басқарма мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық нысанда немесе қағаз түрінде алдын ала жіберіледі. Көрсетілген ереже жедел қарауды және шұғыл шешім қабылдауды талап ететін мәселелерге қолданылмайды.

42. Басқарма мүшесі Басқарма отырысында болмаған жағдайда, ол Басқарма төрағасына қабылданған шешім туралы өз пікірін Басқарма отырысының хаттамасымен танысқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға құқылы.

43. Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған отырысқа қатысып отырған барлық Басқарма мүшелері қол қоюға және әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беруге қойылған мәселелер, дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс. Хаттамалар дербес істерге қалыптастырылады. Басқарма отырыстарының хаттамалары Жалғыз акционерге, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген негіздер мен тәртіппен берілуі мүмкін.

44. Басқарма отырыстарының хаттамалары оны Басқарма төрағасы қалай айқындайтынына байланысты құжаттамалық (қағаз жеткізгіште) және/немесе электрондық (қағазсыз) нысанда тіркелуі мүмкін. Басқарма мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, сондай-ақ сырттай дауыс беру арқылы өткізілген дауыс беруі қабылданған шешімдердің құжаттамалық нысанда тіркелуімен расталуға тиіс.

45. Басқарманың Қоғамның басқа органдарымен және оның қызметкерлерімен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Басқарма хатшысы

46. Басқарма хатшысы Басқарма жұмысын құжаттамалық қамтамасыз етуге жауапты тұлға болып табылады.

47. Хаттаманы Басқарма хатшысы жүргізеді, оны Басқарма төрағасы тағайындайды. Басқарма хатшысы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттерін атқару Басқарма төрағасының бұйрығымен оны алмастыратын Қоғамның тиісті бөлімшесінің басқа адамына жүктеледі.

48. Басқарма хатшысының Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де құпия ақпаратты жария етуге құқығы жоқ.

49. Басқарма хатшысының Қоғам туралы қолжетімділігі шектеулі ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға құқығы жоқ.

50. Басқарма хатшысы хаттаманың және Басқарма отырыстарының хаттамасынан үзінді көшірмелердің дұрыс жасалуына жауап береді.

51. Басқарма хатшысының өз өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Қоғам туралы өзіне белгілі кез келген құпия мәліметтерді, оның

ішінде қызметтік ақпаратты, қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік құпияларды жария етуге құқығы жоқ.

10. Шешімдерді орындау тәртібі

52. Басқарма шешімдерінің орындалуын бақылауды Басқарма төрағасы не оны іске асыруға жауапты ретінде Басқарма шешімімен айқындалған адам жүзеге асырады.

11. Қорытынды ережелер

53. Осы Ереже Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен кезден бастап күшіне енеді.

54. Ереже Директорлар кеңесінің шешімімен толықтырылуы және/немесе өзгертілуі мүмкін.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары оған қайшы келсе, бұл нормалар ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін күшін жоғалтады. Басқарма мүшелері мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістер күшіне енген сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «17» қарашадағы № 7
шешімімен бекітілген
Басқарма туралы Ережеге
№ 1 қосымша

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма құрамына Басқарма мүшелерін іріктеу туралы осы Тәртіп (бұдан әрі - Тәртіп) Басқарма мүшелерін Басқарма құрамына (бұдан әрі - Басқарма) сайлау кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2-тарау. Басқарма мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар

2. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма мүшелерін конкурс арқылы іріктеу біліктілік талаптарына сәйкес келетін Кандидаттарды іздеу мақсатында жүргізіледі:

Тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және экономикалық қызмет түріне сәйкес келетін ұйымның басшылық лауазымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, ал ғылыми дәрежесі болған жағдайда — ұйымның тиісті профилі бойынша басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс. «Іскерлік әкімшілендіру магистрі (МВА)» дәрежесінің немесе басқару саласындағы қосымша білімінің болғаны құпталады.

3. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам Қоғамның Басқарма мүшесі болып сайланбайды.

3-тарау. Басқарма мүшелерін сайлау

4. Алдын ала іріктеуді ұйымдастыруды және өткізуді Комиссия жүзеге асырады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс. Комиссия Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығы негізінде құрылады. Комиссия төрағасы Басқарма төрағасы болып табылады. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

5. Қоғамның Басқарма мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады және келесі кезеңдерден тұрады:

1) бос лауазымға кандидаттарды іріктеу ішкі және сыртқы іздеу жолымен жүргізіледі;

2) бос орын туралы хабарландыру Қоғамның электрондық ақпараттық ресурстарында жарияланады;

3) Кандидаттарды тартуға арналған ақпарат мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- бос лауазымның атауы (егер уақытша болмаған қызметкердің лауазымы осы шартты көрсетсе);

- біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидатқа қойылатын талаптар;

- білімі, дағдылары, қабілеттері, мемлекеттік тілді міндетті түрде білуі, шет тілін білу деңгейі;

- ғылыми дәрежесінің болуы;

- жұмыс өтілі және (немесе) мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі, қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

- негізгі функционалдық міндеттері;

- өтініш берушіге қойылатын қосымша талаптар;

- кері байланыс үшін электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар;

4) құжаттарды қабылдау бос лауазымға кандидаттарды іздеу туралы ақпарат орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүзеге асырылады;

5) Кандидаттардың түйіндемелерін қабылдауды Персоналды басқару департаменті жүзеге асырады, әрі қарай Комиссияның қарауына беру үшін біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала тексеру жүргізіледі. Комиссиямен әңгімелесуге түйіндемелері алдын ала іріктелген кемінде үш кандидат шақырылады.

6. Комиссия кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау және анықтау үшін әңгімелесу өткізеді. Комиссия ұсынымдық сипаттағы шешімді қарайды және шығарады.

7. Комиссия іріктеуді жүргізу кезінде біліктілік және өзге де талаптарға сәйкес болған жағдайда қызметкерлерді лауазымы бойынша ішкі ілгерілетудің басымдығы қағидатын басшылыққа алады.

8. Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар кандидаттар басқа кандидаттардан басым болады.

9. Комиссия іріктеуге қатысушылармен (кандидаттармен) әңгімелесу өткізген кезде олардың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан

Республикасының Заңдарын, Қоғам қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғам қызметінің ерекшеліктерін білуі тексеріледі.

10. Қажет болған жағдайда іріктеуге қатысатын және әңгімелесуге жіберілген қатысушылармен әңгімелесу техникалық байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

11. Комиссия шешімді ашық дауыс беру арқылы жабық форматта қабылдайды. Дауыстар саны тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады. Шешім хаттамамен рәсімделеді және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Комиссия хаттамасында іріктеу критерийлері мен барлық кандидаттардың тізімі көрсетілуге тиіс.

12. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

13. Егер Комиссия іріктеуді өтпеді деп таныған жағдайда, Қоғам іріктеуді қайта өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

14. Комиссия отырысының хаттамасы негізінде Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетіне Басқарма мүшесі ретінде тағайындау үшін ұсынылған кемінде үш кандидаттың хаттамасы мен түйіндемесін жібереді.

15. Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті қарағаннан және мақұлдағаннан кейін Басқарма төрағасының Орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына кандидаттарды Жалғыз акционерге келісуге жібереді.

16. Басқарма мүшесін сайлау туралы, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімін белгілеу туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

КЕЛІСІЛГЕН:

Басқарма төрағасы

Бибосинов А.Ж.

Басқарма мүшесі

Манатбаев Р.К.

Басқарма мүшесі

Кайнбаев Н.А.

Басқарма мүшесі

Джолдасов А.А.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-офицер**

Муслимов Р.А.